

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар - ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Жан – жануарларды қорғау мақсатында «Жануарларға қамқор болу және оның пайдасы», «Түлік төлден өседі», «Үй жануарларын қорғау» т.б тақырыптарында тәрбие сағаттары,

Ұстаздар мерекесіне орай «Еңбек адамды төрге шығарады» ардагер ұстаздармен кездесу, «Ұстаз - ұлы тұлға», «Ұлтымыздың ұлы қолбасшысы - ол мұғалім» тәрбие сағаттары, Мерекеге орай ұстаздардан сұхбаттар алынды. «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» мектеп бітіруші түлектердің құттықтауы, Өзін – өзі басқару ұйымының мүшелері «Дублер» күні т.б тақырыбында ұстаздар мерекесін орай түрлі шаралар өткізілді. «Атақты диқаншы – Ш. Берсиев» тақырыбында тәрбие сағаты, бастауыш сыныптар арасында «Алтын күздің сұлулығы» тақырыбында күзгі табиғат, күз байлықтары туралы көрме, 7- 11 сынып қыз балалары арасында «Жеке бас тазалығы» тақырыбында Жекенді дәрігерлік амбулаториясының акушер гинекологі А. Құдайбердіқызы түсіндіру жұмысын жүргізді. «Адалдық – адамдықтың белгісі» тәрбие сағаты, «Мейірімділік жүректе» сыныптан тыс жұмыс, «Әдептілік - тәрбие бастауы» тақырыптарында тәрбие сағаты, «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» тәрбие сағаты, «Менің мамандығым, менің болашағым» әртүрлі маман иелерімен кездесу, «ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» республикалық айлық акциясы ашылу салтанатты жиыны өткізіліп, «Біз біргеміз» тренингі өткізілді. Ақция аясында 5 – 8 сынып қыз балалары арасында «Қыз баланың бойындағы өзгерістер» тақырыбында өтпелі кезеңде болатын өзгерістер туралы кеңестер берілді. «ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» республикалық айлық акциясы аясында «Жақсы көңіл – күй жан шуағы» тақырыбында оқушылардың командада жұмыс істей білуін дамыту, позитивті көңіл – күй сыйлау мақсатында тренинг тимбилдинг өткізілді. «ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» республикалық айлық акциясы аясында Сарбие ауылдық клубында «Жарқын жастық – баянды болашақ» тақырыбында ауыл жастары, студенттер мен мектеп оқушылары арасында кездесу кеші өткізілді. «Ұшқыр ой мен шешен тіл» тәрбие сағаты, «ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» республикалық айлық акциясы аясында бастауыш сыныптар арасында «Дос болайық бәріміз», 5-9 сыныптар арасында «Досқа адалдық – рухқа адалдық» тақырыбында түрлі ойындар ойнатылды. ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» республикалық айлық акциясы аясында «Адал дос мейірімділіктің белгісі» тақырыбында тәрбие сағаты, акция аясында «XXI ғасырда достық ұғымы бар ма?» пікірталас, «Мамандық дегеніміз не?», «Мамандық таңдау – басты міндет» тақырыптарында тәрбие сағаттары, ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» республикалық айлық акциясы аясында «Менің досым» тақырыбында сынып сағаты, Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Көңілді қоңырау» қызықты ойындар ойнатылды, Ақция аясында Парламент мүшелері оқушылар мен ұстаздарға жақсы көңіл күй сыйлады. «Инесі алтынның күймесі алтын» үйірмесінің қыздары арасында «Құрғақ жүннен панно жасау» тақырыбында шебер класс өткізілді. «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында сынып сағаты, М. Мақатаевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату мақсатында «Аспанға әуелеген ақсұңқарым» атты поэзиялық кеш өткізілді. 9-10 сынып оқушыларына «Кинотерапия» ұйымдастырылды. Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту – парызым» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Алтын жүрек» республикалық челленджі аясында парламент мүшелері барлық мекеме қызметкерлерін құттықтады. 4 сынып оқушылары мектеп ұжымына, ата – аналарына алғыстарын айтып, құттықтады. 8 наурыз Халықаралық Әйелдер күніне орай даярлық сынып оқушылары «Аналарға мың алғыс» тақырыбында аналарына жүрек жарды лебіздерін білдірді. «Қайырымдылық керуені» акциясы аясында жасұландықтар көпбалалы отбасылардың үйіне барып «Қоржын» қайырымдылық көмегін көрсетті. 8 наурыз Халықаралық Әйелдер мерекесіне орай 9 сыныпта «Ана! Ана – жалғыз ғана» атты аналармен кездесу кеші өткізілді. Мерекеге орай 9 - 11 сынып оқушылары «Анашым – ай» хорын орындады. Осы мерекеге орай бастауыш сыныптар арасында «Ана – өмір шуағы» атты сыныптан тыс шара өткізілді. Мереке қарсаңында 10 сынып оқушылары «Қайырымдылық жасау – үлкен сауап» атты қайырымдылық акциясы аясында жалғыз басты ананың үйіне барып қол көмектерін берді. Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша он күндік шара аясында «Қыз бала қандай болу керек?» тақырыбында мектеп медбикесі Г. Дүсіпова 5-8 сынып қызбалаларымен кездесу, «Оқушылар арасында ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында оқушыларға кеңестер, «Ерте

жүктіліктің қауіп –қатері» тақырыбында ауылдық амбулатория медбикесі А. Ургенчаева оқушылармен кездесіп, «Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу» сынып сағаты, 7 – 11 сынып ұл балалар арасында «Ұл бала тәрбиесінің өмірдегі орны» тақырыптарында ұл балалар жиналысы өткізілді. Зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында 6 сынып оқушыларына «Зорлық – зомбылықсыз бақытты балалық шақ» тақырыбында зорлық – зомбылықтың түрлері, бала құқығы туралы бейне суреттер көрсетіліп, 5 сынып оқушыларына «Әлімжеттік және буллинг» тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді. 10 сынып оқушылары Табысты өмірдің кілті – дұрыс таңдаған мамандық! ұранымен ҰБТ тапсыратын түлектерге шын жүректен ақ жол тілеп, лебіздерін білдірді. 12 мамыр Аналар күні мерекесі орай «Азаймасын аналардың шаттығы» тақырыбында көпбалалы аналармен дөңгелек үстел өткізілді. Мереке қарсаңында «Аяулы анашым» тақырыбында 10 сыныпта сыныптан тыс шара өткізілді.

«Анама арнап үздік сыр» тақырыбында 9 сынып оқушылары аналарына арнап жүрек жарды тілектері мен армандарын қағаз бетіне түсіріп, хат жолдады. 6 сынып оқушылары «Бақытты отбасы» тақырыбында эссе жазып, тақырыпқа сай суреттер салды. 8 сыныпта «Менің анам» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. 15 мамыр Отбасы күніне орай «Отбасы - алтын дiңгек» тақырыбында сынып сағаты, «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында мектебіміздің мақтанышы болып жүрген пәндік олимпиадалардың, әртүрлі сайыс иегерлерінің ата – аналарымен кездесу мақсатында шара өткізілді. Жоғары сынып оқушыларымен «Оқушылар арасында аутодиструктивті мінез – құлықтың алдын алу мәселелері және оны шешу жолдары» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. 8 -11 сынып оқушылары арасында «Жат ағымдар туралы не білеміз?» тақырыбында бейнероликтер көрсетілді. «Өнерлі ұрпақ – кемел болашақ» тақырыбында интеллектуалды сайыс өткізілді. Мектеп бітіруші түлектер «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында эссе жазды. Мектеп бітірушілер үшін «Мектебiм, саған мың алғыс» атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау;

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жананы тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды;

- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында Республикалық «Сергіту сәті» челленджі өткізілді. «Нашақорлық – ғасыр дерті» тәрбие сағаты, «Қызылшаның таралу жолдары», «Вейпсіз әлем», «Электронды темекінің зияны», «Денсаулық – зор байлық», «Тұмаудың алдын алу» тақырыптарында тәрбие сағаттары, «Атақты диқаншы – Ш. Берсиев» тақырыбында тәрбие сағаты, Республика күніне орай «Таза табиғат» экологиялық акциясы өткізілді. «Зиянды әдеттер және оның денсаулыққа әсері» тәрбие сағаты, «Қызылша ауруының белгілері, қорғану жолдары» тақырыбында ауылдық амбулатория медбикесі А. Құдайбердіқызы оқушылармен кездесіп түсіндірме жұмысын жүргізді. 8 сыныптар арасында «Калейдоскоп» психологиялық ойыны, «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» бастауыш сыныптар арасында сыныптан тыс шара, «Синтетикалық есірткінің зиянымен нашақорлықтың зардаптары» тақырыбында аудандық білім бөлімінің әдіскерлері Ы. Жақсылыққызы ЖПҚБ әйелдерді қорғау тобының инспекторы А. Құспанқызы аудандық аурухана психологі А. Длимова полиция аға лейтенанты Н. Әділбеков келіп 9-11 сынып оқушыларымен кездесіп дәріс сабақтар, бейнеролик көрсетілді. 5 – 11 сыныптар арасында «Код сағаты» сайысы өткізілді. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» логикалық сұрақтар, жұмбақтар сайысы өтті. 5 – 7 сынып оқушылары арасында «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бейнероликтер көрсетілді. Мектеп медбикесі Г. Дүсіпова оқушыларға ұстаздар мен мектеп қызметкерлеріне үнпарақтар таратты. Даярлық сынып оқушылары арасында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» тақырыбында оқу іс – әрекет сабағы өткізілді. «Бір бауырсақ, бір мақал – мәтел» айдары өткізілді. «Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес 19 наурыз – Жаңару күніне орай мектеп оқушылары сыныптардағы гүлдерін тазалап, жаңартты. «Тазалық эстафетасын баста!» жалпыұлттық экологиялық

акциясына оқушылар белсене қатынасып, өз үйлеріне, аулаларына тазалық жұмыстарын жүргізді. «Табиғатты аялайық!», «Табиғат біздің – досымыз», «Табиғат сенің өз үйің», «Табиғат тағдыры – адам тағдыры» тақырыбында сынып сағаты, 1-11 сынып оқушылары арасында «Сағындырған әндер – ай» ретро әндер кеші өткізілді. Еуропалық имундау апталығы аясында «Дені саудың – жаны сау» тақырыбында Жекенді дәрігерлік амбулаториясының медбикесі А. Құдайбергенқызы оқушыларға түсіндірме жұмысын жүргізіп, бейнесуреттер көрсетілді. Республикалық «Таза табиғат» акциясы аясында «Құстарға ұя сыйла» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары құс ұяларын жасап ағаштарға ілді. Қалдық заттарды пайдаға асыруға, тазалыққа, үнемшілдікке үйрету мақсатында «Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» эко жоба өткізілді. «Таза Қазақстан» акциясы аясында Жас ұландықтар «Мен, Табиғатты аялаймын, қорғаймын, сүйемін!» тақырыбында мектеп ауласына сенбілік жұмыстарын жүргізді. «Таза Қазақстан» экологиялық акция аясында «Түлектердің ағаш егу» челленджі өткізілді. Акция аясында 9 – 11 сынып оқушылары мектеп ауласында тазалық жұмыстарын жүргізіп, ағаш түптерін әктеді. «Игі істер күні» акциясы және Аналар мерекесі аясында Жас Ұландықтар көпбалалы аналардың үйіне барып, қайырымдылық көрсетті. «Өнерлі ұрпақ кемел болашақ» тақырыбында білімділік сайысы өткізілді. Сенің қуанышқа толы демалысың» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына гайдбуктар таратылды.

Өткізілген шаралар, сынып сағаттары **sapakkolorta** инстаграм желісіне салынып отырылды

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы бойынша «Шапағат» парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. 2022-2023 оқу жылында мектепшілік президент сайлауы өткізілді. Ай сайын «Қайыр берген қол бата берген ауыздан артық» қайырымдылық шаралар жүргізіліп отырды, қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел артық» мерекелік құттықтаулар ұйымдастырылды. Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, асқақтаған ән, күмбірліген күй, мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген. «Алтын күздің жемістері» тақырыбында 1-5 сыныптар арасында көрме, 5-7 сыныптар арасында сайыс, 8-11 сыныптар арасында күзгі бал ұйымдастырылған. Тәуелсіздік күніне орай «Жас Қыран» «Жас Ұлан» қатарына қабылдау «Тәуелсіз қазақ елінің ұланымын мен бүгін» салтанатты жиын өткізілді, «Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!» атты жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырып, Алғыс айту күні қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында ауыл мектептері арасында ұйымдастырылған

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. 2022 – 2023 оқу жылында жоспарланған жылдық жоспар әзірленді. Дебат үйірмесіне екі топ-кіші топ (5-8 сынып аралығы), сонымен қатар үлкен топ (9-11 сынып аралығы) болып жас ерекшеліктеріне қарай бөлінді. Жыл басында дебат үйірмесінің уақыты белгіленді. Ең алғашқы «Ақ пен қара», «Ақиқат анық» т.б. мектепшілік сайыстар қыркүйек-қазан айларында өткізілді. Желтоқсан айында жоспарлы түрде өткізілген Ойыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Абайдың «Толық адам философиясы»» облыстық дебат турнирінің аудандық іріктеу кезеңіне қатысып, перекше ойын көрсетіп жүлделі 1-орынмен мектебіміздің «Жас толқын» фракциясы Тоғызбаева Әсел мен Жолдыбайқызы Әлия марапатталды. Қаңтар айында өткізілген Ойыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлттық пікір сайыс облыстық турнирінің аудандық іріктеу кезеңіне қатысқаны үшін кіші топтан Амангелдіқызы Қымбат пен Алшынбекқызы Сағыныш алғыс хатпен, дәл осындай мәтінмен жүлделі 1-орын алып, облысқа жолдама алған Тоғызбаева Әсел мен Жолдыбайқызы Әлия марапатталды. Облысқа жолдама алып ақпан айында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық-мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында өткізілген Ұлттық пікірталас турнирінің облыстық кезеңіне қатысқаны үшін «Жас толқын» фракциясы марапатталады. Наурыз айының аяғында мектепшілік «Ұлттық құндылық құдіреті» атты мектепшілік сайыс өткізіліп, «Элита» фракциясы жеңіске жетті. Дебат үйірмесінің жылдық қорытындысы бойынша мектебімізде бірқатар сайыстар өткізіліп ауданға жарыстарға жолдама алдық. 2023-2024 оқу жылы қыркүйек айында дебат үйірмесінің уақыт кестесі мен оқушылар тізімі дайындалды. Кіші топ оқушылар саны-13, үлкен топ оқушылары -12. Үйірме уақыты бойынша оқушылар аса қызығушылықпен сабаққа қатысып, мектепшілік сайыстар өткізілді. «Ұстаз болу-жүректің батырлығы» атты 7-8 сынып арасында өткізілді. Ақпан айында «Заңды білу-өміріңді қорғау» дебаттық сайыс өткізілді. Сайысқа 9-10 сыныптар қатысты. Сайыс өз дәрежесінде оқушылардың қызығушықтарын арттыра отырып, пікір таластырды. «ДОСБОЛLike: достық қолын ұсын» Республикалық акциясы «XXI ғасырда достық ұғымы бар ма?» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. «Қазіргі қоғамдағы әйелдер» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында дебаттық турнир өткізілді.

«Элита» дебат клубы құрылып, аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

Жетекшісі: Ж. Еркінова. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2023-2024 оқу жылында «Абайдың «Толық адам» философиясы» атты дәрежелі

дипломмен марапатталған.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы жұмыс жасайды. 2022-2023 оқу жылы бойынша Алғыс айту күніне орай дәстүрлі «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, кітапхана қоры балалар әдебиеті кітаптары, "Шығыстың ұлылары" топтамасындағы кітаптар, әлем әдебиеті шығармаларымен толықтырылды. Мектебімізде бастауыш сынып оқушылар арасында «Кітап біздің досымыз» атты 1-сынып оқушыларына кітапханаға саяхат өткізілді. Мектеп кітапханасында 5 қыркүйек тілдер күніне орай

«Тіл ең асыл құндылық» атты сыныптан тыс шара өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жоба аясында ұйымдастырылған Республикалық балалар байқауына аудандық кезеңге қатысып, III дәрежелі дипломмен 10-сынып оқушысы Тоғызбаева Әсел марапатталды.

2022-2023 оқу жылы «Оқитын отбасы» тақырыбында бейнероликтер, «Сүйікті кітабыммен сельфи», «Баламды құшағыма алып кітап оқимын» атты акциялары өткізілген. 2022-2023 оқу жылы бойынша «Оқуға құштар» мектеп жобасы бойынша іс-шараларға ата-аналар аз қатыстырылған.

2022-2023 оқу жылында «Кітап оқып, биікке самға!» мектепшілік кітап оқу байқауы жыл бойы өткізіліп, үздік оқырман білім алушылар төс белгісімен, үздік оқырман класс, үздік оқырман ата-аналар Алғыс хаттармен марапатталған. «Бір кітаптың ізімен» оқылған кітап мазмұны бойынша ата-аналар, білім алушылар сахналық қойылымдар қойған.

2023-2024 оқу жылында Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша тақырыпқа сай шаралар өткізілді. Біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асыру бойынша «Төрт тоқсан-төрт өнер ұлттық мәдени ағартушылық жоба аясында I тоқсан ақындар айтысы тақырыбы «Кітапты жан азық деп» түрлі ертегі кітаптар мен танысты.

М.Мақатаевтың туған күніне орай 1-9 сынып оқушылар арасында «Есіңе мені алғайсың» атты мәнерлеп оқу байқауы өтті. Кеш соңында оқушылар мектепшілік алғыс хатпен марапатталды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асыру бойынша «Төрт тоқсан-төрт өнер ұлттық мәдени ағартушылық жоба аясында «Ер есімі- ел есінде» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді.

Мектебімізде кітапханасында тоғыз айға тоғыз іс-шара жобасының жоспарына сәйкес «Кітап оқуға құмар» атты челендж өткізілді. Қазақстан Ғалым Академиясының алғашқы президенті қазақ геолог ғалымы Қаныш Сәтбаевтың 125 –жыл толуына арналған «Қазақтың Қанышы» атты кітаптар көрмесі жасақталды.

14-ақпан Халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиетінің пән мұғалімі Г. Жұмабекова М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын сыйға тартты.

Мектебіміздегі 23- сәуір «Дүниежүзлік кітап және авторлық құқық күніне орай «Кітап мәңгілік ел қазынасы» шарасы өтті.

Мектебіміздегі «Кітапхана сапалы білімнің сенімді кепілі» атты аудандық семинар өткізілді.

2022 – 2023 оқу жылында «Отбасы – мектеп» жобасы Отбасы күніне орай сынып сағаты, түрлі

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2022-2023 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша 2022-2023 оқу жылдары. «Ел іші – өнер кеніші», «Ұмытыла бастаған ұлттық тағамдар», «Ұлттық ойындар – ұлт қазынасы» ұлттық ойындар өткізілді.

«Еңбек – елдің мұраты»-жобасы бойынша 2022-2023 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында Сарбие ауылдық клубында «Жарқын жастық – баянды болашақ» тақырыбында ауыл жастары, студенттер мен мектеп оқушылары арасында кездесу кеші өткізілді.

«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Үнем – қоғам қуаты» жобалары бойынша 2022-2023 оқу жылдары бастауыш сыныптар арасында «Алтын күздің сұлулығы» тақырыбында күзгі табиғат, күз байлықтары туралы көрме, Республикалық «Таза табиғат» акциясы аясында «Құстарға ұя сыйла» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары құс ұяларын жасап ағаштарға ілді. Қалдық заттарды пайдаға асыруға, тазалыққа, үнемшілдікке үйрету мақсатында «Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» эко жоба өткізілді.

«Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында 2022- 2023 оқу жылының 2022 – 2023 оқу жылында Қыркүйек, қазан айына жоспарланған магниттік театр тақырыбы бойынша «Бауырсақ» ертегісін магнит арқылы жүргізіп көрсетуге болатындығын 4-сынып оқушысы Аманғазы Елнұр «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен 2-7 сынып оқушыларының арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсында «Магнит» тақырыбы бойынша қорғап зерттеу жұмысында дәлелдеп көрсетті. Аманғазы Елнұр «Зерде» зерттеу жобасы бойынша аудандық кезеңінен 1-орынға ие болып облысқа жолдама алып, облыстық кезең бойынша мақтау қағазымен марапатталды. «Көңілді қуыршақтар» атты сыныптан тыс шара өткізілді. Шарада оқушылардың үйренген ертегілері көрермендер алдында сахналанды. Атап айтсақ I топ оқушылары «Үйшік» және «Шалқан» ертегілерін киімді саусақ театры арқылы көрсетсе, II топ оқушылары «Қаңбақ шал» ертегісін ролге бөліп сомдау арқылы көрсете білді. Сонымен қатар Тахауи Ахтановтың 100 жылдығына орай ұйымдастырылған

облыстық «Тахауи тағылымы» атты драмалық қойылымдар байқауына қатысып 9-10 сынып оқушылары Т. Ахтановтың «Күй аңызы» атты шығармасын көрсетті. Оқушылардың үйренген ертегілері мектепшілік апталықтарда және жаңа-жыл қарсаңында «Бауырсақ», «Қызыл телпек», «Шалқан» т.б ертегілері ролдік кейіпкерлерге сомдау арқылы көрсетілсе, наурыз мерекесінде «Шық бермес Шығай бай мен Алдар көсе» ертегісі көрермендер алдында ролге бөліп сомдау арқылы көрсетілді

2023 -2024 оқу жылында қазан айында үйірме жұмысын қорытындылау мақсатында оқушылардың үйренген ертегілері көрермендер алдында сахналанды. «Ертегілер елінде» атты сыныптан тыс жұмыс көрсетілді онда оқушылар «Шалқан» ертегісін киілемелі саусақ театры арқылы көрсетсе, II топ оқушылары «Мақта қыз бен мысық» ертегісін ролге бөліп сомдау арқылы көрсете білді. «Жаңа қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген Республикалық «Қыс ғажайыптары» сурет байқауына қатысып үздік өнер көрсеткен үйірме оқушылары 1-сынып Жалғасбай Альфия мен Оралбай Дияс 2-орынмен марапатталса, 3-сынып оқушысы Салмен Айәділ 1-орынмен марапатталды. Ақпан айында өткізілген «Цифрлық білім беру ресурстарын жаратылыстану пәндерінде қолдану» тақырыбындағы аудандық семинардың ашылуында үйірме оқушылары киілемелі саусақ театры арқылы «Үйшік» ертегісін көрсетіп алғыс хатпен марапатталды. «Ақтөбе- Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Ертегілер еліне саяхат» атты облыстық байқаудың «Үздік ертегіші» номинациясы бойынша екі оқушы қатысты. Аудандық кезең бойынша 1-сынып оқушысы Сәменқызы Айжан 2-орын, Атшібай Анель 2-сынып оқушысы Нұрахан Кәусар 3-орынмен марапатталды.

- «Менің сүйікті қуыршақтарым» көрме ұйымдастырылды;

- «Шалқан » ертегісі сахналанды;

- «Бауырсақ» ертегісі сахналанды.

Осы сияқты бірнеше ертегілер сахналанды. «**Саңырауқұлақтың астында**» қойылымы қойылды. Балалар өте қызығушылықпен қатысты. Мамыр айында өткізілген мектебімізде «Тиімді әдіс-тәсілдер: сапалы сабақ кепілі» тақырыбында аудандық семинар өткізілді. Семинарға «Қуыршақ» үйірмесі қатынасып, Абай Құнанбаев аудармасы « **Шегіртке мен құмырсқа**» Иван Крыловтың мысалын сахналады.

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

2022-2023, 2023 – 2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, азаматтық-патриоттық,көркем-эстетикалық,еңбек және дене тәрбиесі бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте *азаматтық-патриоттық, ұлттық- спорттық, көркемдік-эстетикалық, дебаттық үйірмелер* жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген.Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

2022 -2023 оқу жылы бойынша 2022 жылғы 31.08. мектеп директорының үйірме жетекшілерін тағайындау туралы № 60 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, зияткерлік, экологиялық және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге (0,5) бірліктермен жүктеме берілген :

1. Сапарғалиева Мира «Инесі алтынның күймесіде алтын» /қыз балалар/ (0,5)

2. Т. Дүсіпов «Қылқалам» үйірмесі (0,5)

3. Е. Тургангазин «Шахмат» (0,5)

4. Ж. Еркінова «Ұшқыр ой» (0,5)

5. К. Омарова «Қуыршақтар әлемі» (0,5)

6. А. Тіржанова «Жасыл желек» /0,5/

7. Қ. Ғаббасова «Халық қазынасы – асыл қазына» /0,5/

Мектептің білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылуы -70 %.

2023 -2024 оқу жылы бойынша 2023 жылғы 04.09. мектеп директорының үйірме жетекшілерін тағайындау туралы № 120 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, экологиялық, зияткерлік, әдебиеттік оқу және тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын

ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге (0,5) бірліктермен жүктеме берілген.

1. М. Сапарғалиева «Инесі алтынның күймесі де алтын» (0,5)

2. Т. Дүсіпов «Қылқалам» (0,5)

3. Е. Турғангазин «Шахмат» (0,5)

4. Ж. Еркінова «Ұшқыр ой» (0,5)

5. К. Омарова «Қуыршақтар әлемі» (0,5)

6. Р. Абдрахманова «Әдебиет сырлы әлем» (0,5)

7. А. Кулекешова «Жас әдебиетшілер» (0,5)

Мектепте білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылуы -73%.

Сабақтан тыс өткізілетін қосымша үйірмелерге қатысым:

Дебат-25бала, Балалар және театр- 25 бала, Шахмат-24 бала, Қылқалам -25, Инесі алтынның күймесі де алтын- 25 Мектепшілік тәрбие бағытындағы үйірмеге қатысым: - бала-68%, қосымша білім алушылардың мектептен тыс үйірмелермен / домбыра/ қамтылуы: - бала -10%

2022-2023 оқу жылдары бойынша жарыстармен байқауларға қатысу нәтижелері:

Үйірмелер, секция, клубтар	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
«Қылқалам»	1 орын /1 оқушы/	III орын /1 оқушы/	I орын /6 оқушы/	
«Инесі алтынның күймесі де алтын»	2 оқушы I орын, 2 оқушы II орын, 1 оқушы III орын	1 мақтау қағазы, 1 оқушы II орын		
Дебат	1 1 алғыс хат			-
Қуыршақтар әлемі	-	-	---	-
«Халық қазынасы - асыл қазына»				
«Жас әдебиетшілер»				
«Шахмат»				
БАРЛЫҒЫ				

2023-2024 оқу жылдары бойынша жарыстармен байқауларға қатысу нәтижелері:

Үйірмелер, секция, клубтар	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
«Қылқалам»	-	-	-	-
«Инесі алтынның күймесі де алтын»	2 оқушы I орын	1 оқушы II орын, 2 оқушы III орын. 1 мақтау қағазы	3 оқушы I орын, 1 оқушы II орын 3 оқушы III орын	-
Дебат	2	1 алғыс хат		-
Қуыршақтар әлемі	III орын /2 оқушы/		-	-
«Әдебиет – сырлы әлем»	14	10	13	-
«Жас әдебиетшілер»	9	12	3	-